

Еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер туралы 1958 жылғы Конвенцияны Қазақстан Республикасының бекітуі туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 20 шілде N 444 Заңы

Женевада 1958 жылғы 25 маусымда қабылданған еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер туралы 1958 жылғы Конвенция бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - М и н и с т р і*

111 Конвенция

Еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер туралы

конвенция

(Женева қ., 1958 жылғы 25 маусымда)

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі Женевада шақырған және 1958 жылдың 4 маусымында өзінің қырық екінші сессиясына жиналған Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Конференциясы, сессияның күн тәртібінің төртінші тармағы болып саналатын еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер туралы бірқатар ұсыныстар қабылдау жөнінде қаулы ете
о т ы р ы п ,

осы ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беруді ұйғара отырып, Филадельфиялық декларация нәсіліне, сеніміне немесе жынысына қарамастан барлық адамдардың бостандық пен қадір-қасиет, экономикалық тұрақтылық және тең мүмкіндіктер жағдайында өзінің материалдық әл-ауқатын жақсартуға және рухани жетілуге құқылы екенін жариялайтынын назарға ала отырып, одан әрі, кемсітушіліктер жалпыға бірдей декларацияда жарияланған адам құқықтарын бұзушылық деп санай отырып,

бір мың тоғыз жүз елу сегізінші жылдың маусым айының осы жиырма бесі күні, Еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер туралы 1958 жылғы конвенция деп аталатын, төмендегі Конвенцияны қабылдайды:

1-бап

1. Осы Конвенцияның мақсатында «кемсітушілік» деген термин:
а) нәсіліне, өңіне, жынысына, дініне, саяси көзқарасына, шетелдік тегіне немесе әлеуметтік тегіне қарай жасалатын еңбек және қызмет саласындағы мүмкіндіктер

немесе өтініштер теңдігін бұзуға немесе жоюға соқтыратын қандай да болсын айырмашылық жол бермеушілік немесе артықшылық;

б) еңбек және қызмет саласында өтініш жасау немесе мүмкіндік теңдігін бұзуға немесе жоюға соқтыратын, тиісті Мүше кәсіпкерлер мен еңбекшілердің уәкілетті ұйымдары бар жерлерде, олармен және басқа да тиісті ұйымдармен кеңесе отырып айқындайтын қандай да болсын айырмашылық, жібермеушілік немесе артықшылық дегенді білдіреді.

2. Ерекше талаптарға негізделген белгілі бір жұмысқа қатысты айырмашылық, жол бермеушілік немесе артықшылық кемсітушілік болып саналмайды.

3. Осы Конвенция мақсатында «еңбек» және «кәсіптер» терминдері кәсіптік оқуға кіруді, жұмысқа кіруді және басқа істермен шұғылдануды, сондай-ақ еңбекақы мен еңбек шарттарына қол жеткізуді білдіреді.

2-бап

Осы Конвенция қолданылатын Ұйымның Әрбір Мүшесі ұлттық жағдайлармен және тәсілдер практикасымен қабысатын кемсітушіліктің кез келген түрін жою мақсатында, еңбек пен қызметке қатысты мүмкіндіктер мен өтініштер теңдігін мадақтауларға бағытталған саясатты, айқындап, жүргізуге міндеттенеді.

3-бап

Осы Конвенцияны қолданатын Ұйымның Әрбір Мүшесі ұлттық жағдайлар мен тәжірибеге сәйкес тәсілдер арқылы:

а) бұл саясаттың қабылдануына жәрдемдесу және оны сақтау ісінде кәсіпкерлер мен еңбекшілер ұйымдарының, сондай-ақ басқа да тиісті органдардың ынтымақтастығын қамтамасыз етуге;

б) осы саясаттың қабылдануы мен оны сақтауды қамтамасыз ете алатын заңдарды енгізуге және сондай білім беру бағдарламаларын мадақтауға;

с) осы саясатқа сәйкес келмейтін кез келген заң ережелерін жоюға және түрлі әкімшілік нұсқаулықтарын немесе тәжірибелерді өзгертуге;

д) мемлекеттік биліктің тікелей бақылаумен еңбек саласында белгіленген саясатты жүргізуге;

е) мемлекеттік билік басшылығымен кәсіби бағдар беру, кәсіби оқыту және жұмысқа орналастыру жөніндегі мекемелер қызметінде белгілі саясаттың сақталуын қамтамасыз етуге;

ф) Конвенцияны қолдану жөніндегі жыл сайынғы баяндамада жоғарыда аталған саясатқа сәйкес өткізілген шараларды және осы шаралардың көмегімен қол жеткен нәтижелерді көрсетуге ұмтылады.

4-бап

Күдікті екендігі немесе оның мемлекет қауіпсіздігіне зиян келтіретін қызметпен шұғылданатындығы негізді дәлелденген адамға егер мүдделі адамның ұлттық саясатқа сәйкес құрылған құзыретті органдарға жүгінуге құқығы болған ретте кемсітушілік деп саналмайды.

5-бап

1. Халықаралық Еңбек Конференциясы қабылдаған басқа конвенциялар мен кепілдемелерде көзделген қорғау мен жәрдем жөніндегі айрықша шаралар кемсітушілікке жатпайды.

2. Ұйымның Әрбір Мүшесі кәсіпкерлер мен еңбекшілердің өкілетті ұйымдары бар жерлерде, солардың консультациясы бойынша жынысына, жасына, кемтарлығына, отбасы жағдайына немесе әлеуметтік немесе мәдениеттілік деңгейіне қарай ерекше қорғалуға немесе көмекке мұқтаж деп саналатын адамдардың айрықша мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталған кез келген ерекше шаралар кемсітушілік болып саналмайтынын белгілей алады.

6-бап

Осы Конвенцияны бекіткен Ұйымның Әрбір Мүшесі Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының ережелеріне сәйкес оны метрополиядан тыс аумақтарда қолдануға міндеттенеді.

7-бап

Осы Конвенцияны бекіту жөніндегі ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберіледі.

8-бап

1. Бұл Конвенция бекіту туралы құжаттарын Бас Директор тіркеген Халықаралық Еңбек Ұйымының Мүшелерін ғана байланыстырады.

2. Ол Ұйымның екі Мүшесін бекіту туралы құжаттарды Бас Директор тіркегеннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

3. Кейіннен осы Конвенция Ұйымның Әрбір Мүшесі жөнінде оның құжаттары тіркелген күннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

9-бап

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекіткен кез келген Мүшесі оның бастапқы күшіне енген сәтінен он жыл кезең өткеннен кейін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген және ол тіркеген күшін жою туралы акт арқылы оның күшін жоя алады. Күшін жою туралы акт тіркелгеннен кейін бір жыл өткен соң бұзуына б о л а д ы .

2. Ұйымның осы Конвенцияны бекіткен, алдыңғы тармақта айтылған он жыл кезең өткеннен кейін бір жыл мерзімде осы бапта көзделген күшін жою құқығын пайдаланбаған әрбір Мүшесі келесі он жыл кезеңге байланыстырылған болады және кейіннен бұл Конвенцияны осы бапта белгіленген тәртіппен әрбір он жылдық кезең өткеннен кейін күшін жоя алады.

10-бап

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық Мүшелеріне бекіту туралы барлық құжаттардың және ол Ұйым Мүшесінен алған күшін жою туралы актілердің тіркелгені туралы хабарлайды.

2. Бекіту туралы өзі алған екінші құжаттың тіркелгені туралы Ұйым Мүшелеріне хабарлай отырып, Бас Директор олардың назарын осы Конвенцияның күшіне енген күніне аударады.

11-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін бекіту туралы барлық құжаттарға және алдыңғы баптардың ережелеріне сәйкес өзі тіркеген күшін жою туралы актілерге қатысты толық мәліметтерді Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жібереді.

12-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі қажет деп есептеген әрбір жолы Бас Конференцияға осы Конвенцияның қолданылуы туралы баяндама табыс етеді және оны толық немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені Конференцияның күн тәртібіне енгізу-енгізбеу қажеттігін шешеді.

13-бап

1. Конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдаған және жаңа конвенцияда керісінше жәйт көзделмеген ж а ғ д а й д а :

а) Ұйымның қандай да болсын Мүшесінің жаңа, қайта қарайтын конвенцияны бекітуі, 9-баптың ережелеріне қарамастан жаңа, қайта қарайтын конвенция күшіне

енген жағдайда, осы Конвенция өзінен-өзі дереу күшін жояды.

б) жаңа қайта қарайтын конвенция күшіне енген күнінен бастап, осы Конвенция Ұйым Мүшелерінің бекітуі үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция Ұйымның оны бекіткен, бірақ жаңа, қайта қарайтын конвенцияны бекітпеген мүшелеріне қатысты тұрғыда нысаны мен мазмұны жөнінен қалай дегенмен күшінде қалады.

14-бап

Осы Конвенцияның ағылшынша және французша мәтіндерінің күші бірдей.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК